

Бюджет жүйесі және

құрылымы

1. Бюджеттің ұғымы мен түрлері
2. ҚР-ның бюджет жүйесі және оның құрылымы.
3. ҚР-ның бюджет жүйесінің қағидалары.
4. Бюджеттік реттеу және оның әдістері.

Бюджет дегеніміз – заңмен немесе жергілікті өкілді органның шешімімен бекітілетін, мемлекеттің өз міндеттерін қамтамасыз етуіне арналған, салықтар, міндетті төлемдер, алымдар капиталмен жүргізілетін операциялардан алынатын кірістер, салыққа жатпайтын және заң актілерінде көзделген өзге де түсімдер есебінен орталықтандырылған ақша қоры.

Жалпы алғанда **бюджет** – тиісті мемлекеттік құрылымның міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған жалпы мемлекеттік және әкімшілік - аумақтық бірлік деңгейінде орталық-ған ақша қоры.

Мемлекеттік бюджет – өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілместен, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін, мемлекеттің орталық-ған ақша қоры б.т.

Бюджет құрылымы бұл бюджеттің әр түрлерінің құрамдас бөлігінің өзара әрекетінің және мемлекеттің бюджет жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымын анықтайтын институт.

Басқаша айтқанда, бюджеттік құрылыс – бұл бюджет жүйесін ұйымдастыру, оны құру қағидаттары.

Бюджет жүйесі деп мемлекетіміздегі бюджеттердің, оларды қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру әдістерінің, бюджеттерді әзірлеу қарау бекіту және атқару тәсілдері мен жолдарының бюджеттік қатынастарының тиісті қаржылық құқықтық актілерді бюджеттік қызмет аясындағы қаржылық және басқа мемлекеттік өкілетті органдарының бюджеттік бақылаудың нысандары мен әдістерінің жиынтығын айтамыз.

ҚР БК сәйкес бюджет жүйесі:

- бюджеттердің;
- ҚР Ұлттық қорының;
- бюджеттік процестердің;
- бюджеттік қатынастардың жиынтығы.

ҚР-ның **Ұлттық қоры** елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтар үшін қаржы қаражатын жинақтау, экономиканың қолайсыз сыртқы факторлардың әсеріне тәуелділігін азайту үшін құрылды.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі
Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 4-
бабында айқындалған қағидаттарға
негізделеді:

- бірыңғайлық,
- шынайылық,
- сабақтастық,
- дәйектілік,
- уақтылылық,
- тиімділік,
- бюджеттердің дербестігі,
- бюджет қаражатының атаулылық және нысаналы сипаты сияқты қағидаттар жатады.
- толымдылық,
- транспаренттілік,
- нәтижелілік,
- негізділік,
- кассалардың бірлігі,
- жауапкершілік,

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі

ҚР-ның
Ұлттық қоры

ҚР-ның
мемлекеттік
бюджеті

Төтенше
мемлекеттік
бюджет (ерекше)

Республикалық
бюджет

Жергілікті
бюджет

Облыстық
бюджет

Республикалық
маңызы бар қала,
астана бюджеттері

Аудан (обл.маң
бар қала)
бюджеті

Республикалық бюджет – бұл Бюджет кодексінде белгіленген салық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын орталықтандырылған ақшалай қор.

Тиісті қаржы жылына арналған РБ ҚР заңымен бекітіледі. Қазақстандағы қаржы жылы күнтізбелік жылға сәйкес келеді, яғни **1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.**

РБ туралы заң жобасы ҚР Парламентіне **ағымдағы қаржы жылының бірінші қыркүйегінен кешіктірілмей** енгізіледі.

Облыстық бюджет , республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері – БК белгіленген салық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және облыстық деңгейдегі, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылай қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік -аумақтық бірлікті мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Жергілікті бюджеттер жергілікті мәслихаттардың шешімдерімен бекітіледі.

Ерекше жағдайларда **төтенше мемлекеттік бюджет** әрекет етеді – ҚР –да төтенше немесе әскери жағдай болған кезде республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде құрылады.

Шоғырландырылған бюджет – респ. бюджетті, облыстардың, респ. маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін және олардың арасындағы өзара өтелетін операцияларды ескерместен, ҚР-ның Ұлттық қорына жіберілетін түсімдерді біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қоры. Бұл талдамалық мақсаттарда пайд-ды.

Бюджет құрылымы

Азаматтар мен ұйымдардан алынатын салықтар, мемлекеттік меншікті жалға беруден немесе оларды сатудан түскен кірістер, берілген кредиттер бойынша пайыздар және т.б. мемлекет үшін кірістердің көздері болып табылады.

Бюджет құрылымының бөлімдері:

- 1) Кірістер:** - салықтық және салықтық емес түсімдер;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;
 - трансферттер түсімдері.
- 2) Шығындар;**

3) Таза бюджеттік кредиттеу:

- бюджеттік кредиттер;
- бюджеттік кредиттерді өтеу.

4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша

сальдо: - қаржы активтерін сатып алу;

- мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер.

5) Бюджет тапшылығы (профициті);

6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру:

- Қарыздар түсімі; - қарыздарды өтеу; - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес республикалық бюджетке түсетін түсімдер мыналарды қамтиды:

- республикалық бюджеттің кірістері;**
- алынған бюджеттік алымдар;**
- республикалық бюджеттен берілген кредиттерді қайтару.**

Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, мемлекеттің республикалық меншікте тұрған активтерін, үкіметтік қарыздарды сатудан түскен түсімдер республикалық бюджетке есептеледі.

Республикалық бюджеттің кірістері
салықтардан (корпоративтік табыс салығы,
қосылған құн салығы және т.б.), **алымдардан**
(автокөлік құралдарының ҚР аумағымен жүріп
өтуі, консулдық алым) және **басқа да міндетті**
төлемдерден (әкелінетін және әкетілетін
тауарларға салынатын кедендік баждар, ҚР
азаматтарына паспорттар мен жеке басын
куәландыратын куәліктер бергені үшін
мемлекеттік баж) түсетін түсімдерден
қалыптастырылады. Бұдан басқа, капиталмен
жүргізілетін операциялардан түсетін **салықтық**
емес түсімдер мен кірістердің есебінен
толықтырылады.

Республикалық бюджеттің салықтық емес түсімдері мыналар б.т:

республикалық меншіктен түсетін кірістер, мүлікті заңдастырғандық үшін алым, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатқанынан түсетін түсімдер ж.т.б.

Республикалық бюджеттің шығыстары:

- әлеуметтік сала (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету);
- қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік;
- құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі;
- мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік;
- өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі;
- агроөнеркәсіптік кешен, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және қоршаған ортаны қорғау, жер қатынастары;
- елдің инфрақұрылымы (көлік және коммуникац);

Республикалық бюджеттен сондай-ақ:

- кадрларды қайта даярлау мен қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, орталық мемлекеттік органдар мен басқа да мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз етуге;

- Бюджет кодексінде белгіленген бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламаларға, халықаралық ынтымақтастыққа, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуге жұмсалатын шығыстар қаржыландырылады.

Мемлекеттік бюджет:


1. Мемлекеттің тиісті жылға арналған ең маңызды мақсаттарын айқындайды. Бұл өте маңызды функция, өйткені ол жұртшылыққа елдің саяси басшылығы мәлімдеген мақсаттарды іс жүзінде бюджетке енгізілген және яғни ағымдағы жылы іске асырылуға жататын мақсаттармен салыстыруға мүмкіндік береді.

2. Мемлекетке елдегі экономикалық жағдайға әсер етуге мүмкіндік беретін құрал қызметін атқарады.

3. Бюджеттік ресурстарды басқаруға арналған жүйе қызметін атқарады.

Жергілікті бюджеттер

Жергілікті бюджеттердің рөлі, олардың құрамы мен құрылымы жергілікті мемлекеттік органдарға жүктелген функциялар мен міндеттердің мазмұнымен және сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және саяси-экономикалық бағыттылығымен толықтай айқындалады.



Жергілікті бюджеттердің жай-күйі әр түрлі факторларға тәуелді болады. Оларға мыналар жатады:

- елдің жалпы экономикалық жағдайы;**
- тиісті аумақтың экономикалық әлеуеті;**
- жергілікті билік және басқару органдарының құқықтары мен міндеттерін реттейтін мемлекеттік заңнаманың деңгейі;**
- жергілікті билік және басқару органдарының өздеріне берілген құқықтарды іске асырудағы құзыреттілік дәрежесі.**

Мемлекеттің бюджет қызметі әртүрлі әдістермен іске асырады:

а) Бюджетті қалыптастыру әдістері:

1. Салықтарды белгілеу (алым, баж, төлем ақы, салықтық емес түсімдер);
2. Капиталмен операциялардан табыстарды тарту;
3. Алынған ресми трансферттерді пайдалану;
4. Ерiкті қайтарымсыз негiзде ақша қаражатын тарту;
5. Эмиссия.

б) Бюджет бөлу әдістері:

- 1. Бюджеттік мемлекеттік қаржылық кәсіпорындарды қаржыландыру;**
- 2. Мем. мекемелерді бюджеттік қарж-у (сметалық);**
- 3. Бюджет аралық қаржыландыру;**
- 4. Сыртқы және ішкі мемлекеттік қарыздарды өтеу;**
- 5. Бюджеттік бағдарламаларға кеткен әкімшіліктердің шығындары;**
- 6. Президенттің, парламенттің, конституциялық кеңестің, орталық сайлау комиссиясының қызметтерін қарж-у;**
- 7. Әлеуметтік экономикалық сфераны қорғаныспен елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сот жүйесін, ғылым мен білім, мәдениетті қаржыландыру;**
- 8. Ақылы және қайтарымды негізде бюджетті несиелеу.**

в) Бюджетті пайдалануды ұйымдастыру әдістері:

- 1. Бюджетті орындау тәртібін анықтау.**
- 2. Бюджет ресурстарын бөлуге нормативтерді анықтау.**
- 3. Бюджеттік ресурстарды бөлуді жоспарлау.**
- 4. Бюджеттік ресурстарды мақсатты және тиімді пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға.**

БЮДЖЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Бюджет процесінде республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері арасындағы қатынастар бюджетаралық қатынастар болып табылады.

Бюджет процесінде республикалық бюджеттің аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерімен және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің бір-бірімен өзара қатынастарына жол берілмейді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған реттерде, облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдерінің өтініштері бойынша, сондай-ақ ҚР Президентінің тапсырмасымен жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда, бюджет процесінде ҚР Үкіметінің шешімі бойынша облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің басқа облыстық бюджеттермен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерімен өзара қатынастарына жол беріледі.

Бюджет Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚР Үкіметінің және орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының, тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджет процесіне араласуына жол берілмейді.

Бюджетаралық қатынастар:

1) республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің арасында:

- трансферттермен;**
- бюджеттік кредиттермен;**

2) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында:

- трансферттермен;**
- бюджеттік кредиттермен;**
- кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.**

Бюджет деңгейлері арасындағы трансферттер жалпы сипаттағы, ағымдағы нысаналы, дамудың нысаналы трансферттеріне бөлінеді.

Бюджет субвенциялары мен бюджеттік алып қою жалпы сипаттағы трансферттер болып табылады.

Республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шегінде жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер бюджет субвенциялары б.т.

Республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шегінде төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер бюджеттік алып қою б.т.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі:

ҚР-ның заңымен - республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің арасында;

облыстық мәслихаттың шешімімен - облыстық бюджет пен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің арасында абсолюттік мәнімен жылдар бойынша бөліне отырып, үш жылдық кезеңге белгіленеді.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі әрбір үш жыл сайын өзгертілуге жатады.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде ескерілмейтін ағымдағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларды немесе бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттердің төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттері, сондай-ақ жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолдынылуы кезеңінде мемлекеттік органдар функцияларының мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне берілуіне байланысты шығыстардың ұлғаюына әкеп соғатын заңнамалық актілерді қабылдаудан туындайтын, жоғары тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бөлінетін трансферттер нысаналы трансферттер б.т.

Жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисабы кезінде ескерілмейтін, ағымдағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттердің төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттері ағымдағы нысаналы трансферттер болып табылады.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген сомалар шегінде:

1) ҚР стратегиялық және бағдарламалық құжаттары негізінде жергілікті атқарушы органдар ұсынатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру;

2) экономикалық пайда алуға немесе әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізуге бағытталған, жоғары тұрған мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын, ҚР стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асыруға арналған іс-шараларды төмен тұрған мемлекеттік органдардың орындауы үшін жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер дамуға арналған нысаналы трансферттер болып табылады.

Жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілетін нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы орган арасында ағымдағы қаржы жылының 20 қаңтарынан кешіктірілмей жасалады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және қаржы жылы ішінде қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығы жағдайында, тиісінше облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне республикалық бюджеттен және облыстық бюджеттерден бюджеттік кредиттер берілуі мүмкін.